

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 17 шілде N 1082 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1219 қаулысымен.

Жергілікті атқарушы органдар қарыз алу жолымен тартатын қаражатты экономиканың басым секторларына ұтымды және тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды экономикалық бағалауды жүргізуге өкілетті орган болып айқындалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы
17 шілдедегі N 1082 қаулысымен
бекітілген

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі осы ереже (бұдан әрі -

Ереже), жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламалардың (бұдан әрі - АИБ) нысаны мен мазмұнына және АИБ-ты келісу үшін қажетті басқа да материалдарға қойылатын талаптардың және оларды келісудің тәртібін айқындайды.

2. АИБ-ты Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісудің мақсаты АИБ-ты экономикалық бағалаудың нәтижесінде жергілікті атқарушы органдар қарыз алу жолымен тартатын қаражатты экономиканың басым секторларына ұтымды және тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Ереже АИБ-қа экономикалық бағалау жүргізуге өкілетті органның (бұдан әрі - өкілетті орган), АИБ әзірлеу және іске асыруды жүзеге асырушы басқа да орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қолдануы үшін міндетті.

4. Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

5. Осы Ереже республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдарды несиелендіру жолымен қаржыландырылатын жобаларға қатысты, оларды тек АИБ-та ескеру бөлігінде қолданылады. Мұндай жобалар бойынша рәсімдер Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына байланысты заңнамамен реттеледі.

2. АИБ-ты келісу тәртібі

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Парламентіне алдағы қаржы жылына Республикалық бюджет туралы заңның жобасын ұсынғаннан кейін өкілетті органға аталған Заңның жобасындағы, жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимиті шеңберінде, жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы лимитінің бастапқы мөлшерлерін ұсынады. Бұл ретте әрбір жергілікті атқарушы орган бойынша Республикалық бюджет туралы заңның жобасында көзделген инвестициялық бағдарламаларды республикалық бюджеттен несиелендірудің мөлшері көрсетілуге тиісті. Осы көрсеткіштер нақтыланады және аталған заң бекітілгеннен кейін қайтадан жіберіледі.

7. Өкілетті орган осы ақпараттың негізінде жергілікті атқарушы органдарға АИБ жобаларын беруге сұрау салады.

8. Жергілікті атқарушы орган осы Ереженің 3-тарауының талаптарына сәйкес өкілетті органға АИБ жобасын және АИБ-ты келісу үшін қажет басқа да материалдарды береді.

9. Өкілетті орган берілген материалдардың негізінде олар берілген кезден бастап 10 күн мерзімде жергілікті атқарушы органның АИБ-ты қаржыландыру үшін қарыз алуының көлемі, шарттары, сызбасы және мерзімдері туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ақпарат жібереді.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өкілетті органның ақпараты берілген кезден бастап 15 күн мерзімде тиісті жергілікті бюджеттің бекітілген, жоспарланатын және болжамды өлшемдерін ескеріп АИБ-ты қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органның қарыз алуының көлемдерін және шарттарын бағалауды жүзеге асырады және өкілетті органға тиісті қорытынды береді.

11. Өкілетті орган жергілікті атқарушы орган берген материалдардың негізінде, олар түскен кезден бастап 30 күн мерзімде АИБ жобасын экономикалық бағалауды жүзеге асырады, экономикалық қорытынды әзірлейді және оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қорытындысымен бірге жергілікті атқарушы органға жібереді.

12. Өкілетті орган экономикалық бағалауға басқа да орталық атқарушы органдарды тартуға құқылы.

13. Өкілетті органның оң қорытындысы болған жағдайда жергілікті атқарушы орган АИБ-ты жергілікті бюджетте көрсетеді және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаулының тиісті жобасын енгізеді.

3. АИБ-қа және АИБ-ты келісу үшін қажетті басқа да материалдарға қойылатын талаптар

14. АИБ жергілікті атқарушы орган қарыз алу жолымен тартатын қаражат есебінен ішінара немесе толық қаржыландыруын жүзеге асыру жоспарланған инвестициялық жобаларды іске асыру бағдарламасы болып табылады. АИБ қарызға алынған қаражатты игерудің әр жылында Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіліп отыруға тиісті. АИБ-қа өзгерістер енгізілуі осы ережемен белгіленген рәсімдерді сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісуді қажет етеді.

15. АИБ жобалардың талдау бөлігінен және тізбесінен тұруға тиісті. Шағын және орта бизнестің жобалары және шаруа мен фермер шаруашылықтарын дамытудың жобалары АИБ құрамында біртұтас кешенді жобалар (бағдарламалар) ретінде біріктірілген түрінде берілуге тиісті.

16. АИБ-тың талдау бөлігі аймақтағы жалпы экономикалық жағдайды талдаудан, өткен жылдардағы АИБ-тың іске асырылуын талдаудан, АИБ-тың, соның ішінде қарызға алынған қаражаттар есебінен қаржыландыру көлемінен, аймақтық инвестициялық саясат басымдықтарынан, олардың аймақтық даму

стратегиялары мен бағдарламаларының өзара байланысынан және АИБ жобаларының құрамына кіретін жобалардың оларға сәйкестігінен тұруға тиісті.

17. АИБ жобаларының тізбесі 1-қосымшаға сәйкес нысанда берілуге және әрбір жоба бойынша мынадай ақпараттан тұруға тиісті:

1) жобаның атауы;
2) жобаны іске асыру кезеңі;
3) қаржыландыру көздері (республикалық бюджеттен несиелендіру, кредиторы көрсетіле отырып, кредитормен займ туралы шарт (келісім) жасау жолымен тартылған қаражат есебінен қаржыландыру, бағалы қағаздар шығару жолымен тартылған қаражат есебінен қаржыландыру, жобаны жергілікті бюджеттің өз көздерінен және заң актілерімен көзделген қаржыландырудың өзге де көздерінен қаржыландыру);

4) жобаның жалпы құны;
5) жылдар бойынша бөле отырып қаржыландыру көздері бойынша жобаны қаржыландыру көлемі (қаражатты игерудің жылдық көлемі бойынша);

6) жоба бойынша қуаттардың заттай көрсеткіштерімен алынған көлемдері және оларды пайдалануға қосудың жылдық көлемдері.

18. АИБ жобаларының тізбесінде құндық көрсеткіштер қаржыландыру валютасымен және теңгемен көрсетіледі. Бұл ретте шетел валюталарын теңгемен есептеу үшін қабылданған айырбас бағамы көрсетілуге тиісті.

19. АИБ жобалары тізбесінің соңында АИБ жобаларын және соның ішінде қарызға алынған қаражат есебінен қаржыландырудың қорытынды сомасы теңгемен көрсетіледі.

20. АИБ жобаларының құрамына енгізілген әрбір жобаға мынадай материалдар қоса берілуге тиісті:

1) анықтама парағы;
2) техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі - ТЭН). Бұл ТЭН-ге қойылатын талаптар Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына мәлімделетін жобалар жөніндегі ТЭН-ге қойылатын талаптарға ұқсас;

3) тиісті салалық жергілікті атқарушы органның салалық сараптамасы қорытындысының көшірмесі;

4) сол аймақта қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік басқарудың функциясын жүзеге асырушы жергілікті атқарушы органның экологиялық сараптама қорытындысының көшірмесі (заңнамада көзделген жағдайларда);

5) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитеті Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы (Мемсараптама) аумақтық бөлімшесі қорытындысының көшірмесі (заңнамамен көзделген жағдайларда);

6) түпкі заемшылар ретінде Қазақстан Республикасы табиғи монополиялар

субъектілері мемлекеттік тіркелімінің және Қазақстан Республикасы рыногындағы үстем жағдайдағы шаруашылық жүргізуші субъектілері, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуы іске асырылуында көзделетін жобалар бойынша Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің аумақтық бөлімшесі қорытындысының көшірмесі.

21. АИБ жобаларына енгізілген жоба бойынша анықтама парағы мынадай а қ п а р а т т а н т ұ р у ғ а т и і с т і :

- 1) ж о б а н ы ң а т а у ы ;
- 2) ж о б а н ы ң мақсаты мен мәні;
- 3) жобаның аймақтық инвестициялық саясат басымдықтарына және аймақтық даму стратегиялары мен бағдарламаларының басымдықтарына сәйкестігі;
- 4) жобаның теңгемен алғандағы құны;
- 5) жобаның іске асырылу кезеңі;
- 6) жобаның орналасқан жері;
- 7) қаржыландыру көздері (республикалық бюджеттен несиелендіру, кредиторы көрсетіле отырып, кредитормен займ туралы шарт (келісім) жасау жолымен тартылған қаражат есебінен қаржыландыру, бағалы қағаздар шығару жолымен тартылған қаражат есебінен қаржыландыру, жобаны жергілікті бюджеттің өз көздерінен және қаржыландырудың өзге де көздерінен қ а р ж ы л а н д ы р у) ;
- 8) қарыз алудың қаржылық шарттары (өтеу мерзімі, жеңілдік кезеңі, пайыздық ставкасы, комиссиялық төлемдер және тағы басқалары);
- 9) жобаны іске асырудың барлық жылдары бойынша бөле отырып қаржыландыру көздері бойынша жобаны қаржыландыру көлемі (қаражатты игерудің жылдық көлемі бойынша) қаржыландыру валютасымен;
- 10) жоба бойынша қуаттардың заттай көрсеткіштерімен алынған көлемдері және оларды пайдалануға енгізудің жылдық көлемдері;
- 11) жобаның еңбек ресурстарын қажет етуі және оның халықты еңбекпен қ а м т у ғ а ә с е р і ;
- 12) жобаны іске асыру үшін институциональдық (ұйымдастыру) мүмкіндіктері.

**4. Экономикалық бағалау барысында
тексеруге жататын негізгі мәселелер және өкілетті
органның қорытындысының құрамы**

22. Экономикалық бағалау жүргізу барысында АИБ жобалары бойынша берілген материалдардың мазмұнына талдау жасалады және оларды АИБ-қа енгізудің орындылығы, бағалаудың мынадай түрлерін орындау негізінде т а л д а н а д ы :

- 1) жобалардың инвестициялық басымдықтарға сәйкестігін бағалау;
- 2) жобаны институциональдық (ұйымдастырушылық) бағалау;
- 3) тиісті сарапшы органдар орындаған сараптамалардың жобаның мазмұнына с ә й к е с т і г і ;
- 4) жобаны әлеуметтік бағалау;
- 5) жобаны қаржылық бағалау;
- 6) жобаны экономикалық бағалау (іске асырылуының экономикалық о р ы н д ы л ы ғ ы) ;
- 7) жобаның жоспарланған мерзімде аяқталмауының, жобаның мақсаттарына қол жетпеуінің, заем қаражатының қайтарылмауының қатерін бағалау.

23. Өкілетті органның қорытындысына мынадай бөлімдер кіреді:

- 1) АИБ жобаларының қысқаша сипаттамасы (жобалар саны, жобалардың салалық бағдарлануы, қаржыландырудың жалпы көлемі, АИБ-ты іске асырудың қорытындысы бойынша күтіліп отырған нәтижелердің жалпы баяндалуы);
- 2) берілген және жоқ құжаттардың құрамы туралы қорытынды;
- 3) осы Ереженің 22-тармағында аталған, АИБ-ты бағалаудың нәтижелерінің ж а л п ы б а я н д а л у ы ;
- 4) қорытындылар және ұсыныстар.

5. АИБ-тың іске асырылуын бақылау

24. Жергілікті атқарушы орган АИБ-ты іске асыру барысында, есепті айдан кейінгі айдың 25-ші күніне дейінгі мерзімде, өкілетті органға АИБ-ты іске асыру барысы туралы тоқсан сайын есеп береді.

25. АИБ-тың іске асырылуы туралы есеп мынадай ақпараттан тұруға тиісті:

- 1) қаржыландыру көздері бойынша бөле отырып тұтастай және әрбір жоба бойынша жекелей АИБ жобаларын нақты қаржыландыру көлемі (теңгемен және қаржыландыру валютасымен). Бұл ретте шетел валюталарын теңгемен қайта есептеу үшін қабылданған айырбас бағамы көрсетілуге тиісті (бүкіл жылға тұтас қабылданады). Деректер есепті кезеңге және жыл басынан өсу жиынтығымен б е р і л е д і ;
- 2) АИБ жобалары бойынша қуаттарды пайдалануға қосу туралы мәліметтер. Деректер есепті кезеңге және жыл басынан өсу жиынтығымен беріледі;
- 3) АИБ жобаларын іске асыру нәтижесінде жұмыс орындарын құру т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

4) АИБ жобаларын іске асыру барысында туындаған проблемалар және оларды жою үшін қолданылған, қабылданған шаралар туралы мәліметтер.

Қосымша

Жергілікті атқарушы органның қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарлама жобаларының тізбесі

(облыс/қала атауы)		-----		
№	Жобаның атауы	Іске асыру кезеңі (жылдар)	Қаржыландыру көздері/Жоба бойынша қуаттар	Өлшем бірліктері!
Б а р л ы ғ ы				
1-...	Барлығы	теңге .../... * / теңге .../... * / теңге .../... (қ а р ж ы л а н д ы р у к ө з д е р і н і ң а т а у ы)
			(ж о б а б о й ы н ш а қ у а т т а р д ы ң а т а у ы)	(з а т т а й к ө р с е т к і ш т е р)
2-...	Барлығы	теңге .../... * / теңге .../... * / теңге .../...
...
Барлық қаржыландыру				теңге ...
Соның ішінде қарызға алынған қаражат есебінен				теңге ...
Шетел валюталарын	теңгемен	есептеудің	бағамы:	
			. . .	
			. . .	

* - қ а р ж ы л а н д ы р у т а б л и ц а н ы ң				в а л ь ю т а с ы ж а л ғ а с ы
Қаржыландыру көлемі/ Жоба бойынша қуаттарды пайдалануға беру				
Жоспарланатын жылға дейін (факт)	!	Жоспарланатын жылға	!	Болжам (жоспар)!
	!		!	Жоспарланатыннан ! Жоспар. ! Кейінгі кейінгі 1-і жылға! ланатыннан! жылдарға
	!		!	! к е й і н г і
	!		!	! 2 - і ж ы л ғ а !

	!	!	!	!	
.../...	.../...	.../...	.../...	.../...	.../...
.../...	.../...	.../...	.../...	.../...	.../...
...
...
.../...	.../...	.../...	.../...	.../...	.../...
.../...	.../...	.../...	.../...	.../...	.../...
.../...	.../...	.../...	.../...	.../...	.../...
...
...
...
...

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК